Кен орынын қоймалап қазу жүйесі арқылы игеру кезінде, құнарсыздану коэффициенті 2-30%-ке дейін өзгереді. Бұл қазу жүйесіндегі құнарсыздану себептеріне қопарылған тау жыныстарының бос жыныстармен араласуы, кен денесінің құлау бұрышының өзгерулері жатады.

Кен құнарсыздануын тікелей мына формула арқылы есептейміз:

$$P = \frac{B}{D} * 100\%$$

Егер жоғалған кендегі металдың мөлшері бес пайызға тең немесе $\pm 5\%$ шама аралығында болса, өндіріп алынған кеннің құнарсыздану мөлшерін мына формула бойынша есептейміз:

$$P = \frac{(C-a)}{(C-b)} * 100\%$$

Қазіргі таңда геотехнологиялық әдістердің дамуы кеннің құнарсыздануының алдын алу іс-шаралары жиынтығының тиімді тәсілдерін ұсынып отыр.

Құнарсыздандудың ең төменгі мөлшеріне қол жеткізу үшін орындалуы қажет іс шаралар тізімі:

- *Кен штректерін өтуді оңтайландыру,*
- *Бұрғылап-аттыру жұмыстарын оптимизациялау,*
- *Жалпы кен сапасын бақылау жұмыстарын қадағалау .*

Кен штректерін өтуді оңтайландыру:

- 1.Кен қуаттылығы төмен болған жағдайда қазба ауданын (сечение штрека) 2.7*3 м (Б*Е) етіп алу;
- 2.Кен штректерінде бекітпе жұмыстарын жүргізу;
- 3.Кен денесінің төнбе бүйіріндегі дайындық қазба жұмыстарын азайту;
- 4.Қуаттылығы төмен (жила) қазбаларда техникалық қамтамасыз ету кезінде минимальды құнарсыздану орын алатын жобалау әдістерін қарастыру.

Бұрғылап-аттыру жұмыстарын оптимизациялау:

- 1.Көлбеу ұңғымалардың үлкен диаметрін қолдануды қарастыру(мысалы, V30-760мм);
- 2.Қазбадағы ұңғыма жұмыстарында бұрғылардың диаметрін азайту;
- 3.Ұсынылып отырған бұрғылау жұмыстарының схемасын қолдану(контурлы аттыру жұмыстарын қоса);
- 4.Қазбаны өту барысында бағыттауыш штангаларды пайдалану (қазбаның ауытқуын азайту үшін);
- 5.Қуаттылығы төмен (жилада) тазарту алаңдарында тығыздығы төмен эмульсионды ЖЗ пайдалану;
- 6.БАЖ оңтайландыру және кен құнарсыздануын төмендету үшін сынамалық әдістерді қарастыру;

Жалпы кен сапасын бақылау жұмыстарын қадағалау

- 1.Жоспарлық,мархшейдерлік,геологиялық,геотехнологиялық,бөлімдерге,және өндірістік бөлімдерге дайындық- ашу жұмыстарының жоспарын ұсыну мен оларды бекіту жұмыстарын нақтылау;
- 2.Бұрғылау қондырғыларын орнату үшін мархшейдерлік есептеулерді қолдану.Бұл өз кезегінде қазбаның траекториясының дәлдігіне тікелей әсер етеді,сәйкесінше кен құнарсыздануын азайтады.
- 3.Әрбір аттыру жұмыстарынан кейін камералардағы бос кеңістіктерге есептеу түсіріс жұмыстарын жүргізу;
3. Тұрақты түрде жоспар бойынша және шын мәнінде жару жұмыстары жүргізілген кен массасын есептеп отыру және алынған ақпаратты қажет ететін бөлімдерге жеткізу.

Кенорнында геотехнологиялық тиімді әдістерді пайдала отырып өндірілетін кеннің құнарсыздануын азайтатын боламыз:

$$\left| \frac{\Delta R_{re}}{R_{re}} \right| > \left| \frac{\Delta R_{rt}}{R_{rt}} \right|$$

яғни гео-экономикалық құнарсыздануды азайту арқасында кендегі жалпы құнарсыздану мен жоғалымды төмендететін боламыз. Бұл өз кезегінде потенциалды пайда өсімін жоғарылатады.

Құнарсыздануды азайту үшін жасалатын іс-шаралар кешені қосымша шығындарды талап етеді, шығындардың көп мөлшерде болуы кәсіпорынға түсетін пайданың азаюына әкеліп соғады.

$$\frac{\Delta \Pi}{\Pi} = \frac{\Delta R_0}{R} f(R_0) - \frac{\Delta L}{L} f_3(L) = \frac{\Delta R_0}{R_0} * \frac{\Delta R_0}{1-R_0} - \frac{\Delta L}{L} * \frac{\Delta L}{1-L}$$


Мұнда бастысы құнарсызданудың төмендеуі арқасында түскен пайдадан, оны төмендетуге жұмсалатын шығындардың артық болмауы. Шартты шығындардың толықтай компенсациялануы үшін құнарсыздану мөлшері

$$K = \frac{L}{1-L} * \frac{1-R_0}{R_0}$$

есе болуы қажет. Бұл жағдайлардан мынадай қорытынды шығаруға болады:

1. Кез келген жоғары құнарсыздану (0.5-тен жоғары) кезінде шығын өсімін $L = \frac{3}{\Pi}$ есе азайту, төменірек құнарсыздануды азайтуға қарағанда оңайырақ;

2. Кез келген құнарсыздану кезінде шығындар өсімін $L = \frac{3}{\Pi}$ азайту, жоғары құнарсыздану болған жағдайға қарағанда оңайырақ.



4.1- сурет.Кеннің құнарсыздануының әсерінен кенорнын геопотенциялының төмендеу көрсеткіші.

Құнарсыздану нәтижесін есепке ала отырып кен орнындағы учаскені игеруден түсетін пайданы есептейміз:

$$\Pi = Q \times C \times J (1 - P)(1 - P_{и})(1 - R_{ГТ})(1 - R_{к})(1 - R_{ГЭ})(1 - W)(1 - Ц)(1 - З)$$

мұндағы Π -бірлік уақыт ішіндегі бірнеше блоктағы кенді өндіруден түсетін пайда мөлшері, V ; Q -блоктағы кен қоры, C -кен құрамындағы пайдалы кмпоненттің орташа мөлшері, Q ; J -рудадан алтынды өндіріп алу коэффициенті, P -құнарсыздану коэффициенті.

Келесі кезекте өндіріп алынған кендегі құнарсыздықты азайту үшін кен байыту фабрикаларына жібереміз,яғни орта шама сипаттамаларын пайдаланып , тау-кен орнындағы іс-шараларды есепке алуымыз және бақылауымыз қажет. Өндірілген кен массасының бар көлемі ұнтақталып, алтын компоненті болатын минералдар анықталғанша, кенді гравитациялық және флотация әдісі арқылы байытатын зауытқа жіберу. Сыйымдылығы орташа қоймаларды пайдалану арқылы, жартылай алынып тасталған көлемдегі кен денесі құрамының гетерогенділігі салыстырмалы түрде аз мөлшері болған жағдайда рұқсат етілетін көлемге дейін байыту зауыттарында ұсақтау қажет.

C_{ov} массасындғы компонент құрамы салмақ ұғымын ғана білдірмейді, онымен қоса көлем S_v құрайды, яғни алтын құрамы кездесетін минералды бөлшек зерттелінген кен орнындағы $V_{рт}$ көлемі мен кен денесіндегі V_a кеңістігінің мөлшерін айқындайды:

$$C_{ov} = V_a : V_{рт} \cdot 100\%.$$

Салмағы мен Көлемінің арасындағы арақатынасын пайдалана, C_{ov} мен алтын компонентінің C_{ao} массасының концентрациясына қатысты өрнегін анықтаймыз:

$$C_{ov} = p_a : p_{рт} \cdot \rho_{рт} : \rho_a \cdot 100 \%$$

Немесе:

$$C_{ov} = C_{ao} \cdot \rho_{рт} : \rho_a ,$$

мұндағы: $\rho_{рт}$ және ρ_a тұтас алғандағы кен денесінің тығыздығы және құрамында алтын компоненті кездесетін минералды бөлшек.

Сонымен кен скип оқпанынан байыту фабрикасына ұсақтап-іріктеу бөліміне науалы галерея арқылы тасымалданады. Байытылған қоспа массасы түндырылып, одан әрі сүзу және құрғату бөлімдеріне жіберіледі. Байытылған шөгінді уақытша сақтау орнында жиналады немесе тікелей толтыру кешеніне жеткізеді.

Кен өндіретін кәсіпорынның рентабельділігі өндірілетін металлдың бағасына, байыту фабрикасына түсетін кеннің құрамында болатын пайдалы компоненттің үлесі жоғары болуымен тікелей байланысты.

6. Өндірістік алаң және жер бетінің жоспары

Кеніш орнында жер үсті өндірістік аймағы бірнеше аймаққа бөлінеді.

1. Негізгі өндіріс аймағы;
2. Транспорттық қоймалар аймағы
3. Кенді байыту аймағы
4. Көмекші өндіріс аймағы
5. Әкімшілік-тұрмыстық аймақ

Шахты үсті ғимараттарына: су қоймасы, жарылғыш заттар қоймасы, жабдықтар қоймасы, ППМ қоймасы, электр станциясы, көліктік басқару, компрессор ғимараты, көтерім машинасы ғимараты, техниканы күтіп ұстауға арналған шеберханалар, клет оқпаны арқылы жерастымен байланысқан әкімшілік-тұрмыстық ғимарат комбинаты, кенді байыту фабрикасының ғимараттары және асхана кіреді.

Шаң-тозаң мен шу көп бөлінетін өнеркәсіп пен таза аймақ аралығында, ұзындығы 30 – 40 метр болатын жасыл желек отырғызу қарастырылды. Кеніш үсті өндіріс ғимараттары мен құрылғылар және қоймалардың арасындағы қатынасты қамтамасыз ету үшін, бір мезгілде өртке қарсы аралық бөгеттер қызметін орындайтын автожолдар орналасады.

Кенді мен өндіріске қажетті жүктерді тасымалдау үшін темір жол, автомобиль және науа көліктері қолданылатын болады.

Тұрмыстық комбинаттың жалпы ауданы көпсанды ауысымда жұмыс жасайтын бір жұмысшыға санитарлық және тұрмыс бөлмелерін есепке ала отырып, орташа көлемде 3.77 шаршы метр деп алынды.

7. Табиғатты қорғау

Қазіргі таңда экономиканың негізгі қозғаушы күшінің бірі шикізат өндіруші кәсіпорындар болып табылады, дегенмен ірі кенішорындары табиғатқа үлкен зиянын тигізуде. Ал біздің жағдайда пайдалы қазбаның құны жоғары болғандықтан кенді үнемділікпен игеру және қазу кезінде өнімнің жоғалуына жол бермеу. Жобадағы табиғатқа келетін зиянды азайту үшін қарастырылатын сұрақтар:

1. Жер мен топырақты қорғау;
2. Су қорларын қорғау;
3. Ауаны ластанудан қорғау;
4. Жер ресурстарын қорғау мен тиімді пайдалану.

1. Топырақ пен жерді қорғау

Кеніштің жер беті топырағын өңдеу кезінде жіберілетін табиғи минималдық жарақаттар жердің бұзылу жобасында көрсетілген. Тау жыныстарының сыртқы ортаға әсерінің экономикалық құндылығы. Жер беті кешендерінің аймағындағы ғимараттардың топырақ қатпарларындағы көлемі, тасымалдануы және сақталуы қарастырылған.

Қалпына келтіру жолдары:

1. Жер эрозиясына қарсы кәсіпорын салу;
2. Қайта қалпына келтіру учаскелеріндегі табандарының қатпары орналасуы және тасымалдау.

Қалпына келтірудегі негізгі талапетілетін технологиялық процестер аршу кезіндегі биоқатары мен жер беті рельефін қайта қалпына келтіруде тиімді болып табылады.

2. Су ресурстарын қорғау.

Жобаланып отырған кенорнын қазу барысында жерасты сулары өте көп мөлшерде ластануға ұшырайды. Мұндағы жерасты суының негізгі ластану көздеріне, бұрғылап-аттыру жұмыстарына кейін кеніш ішіндегі химиялық заттардың сумен араласуы және басқалай зиянды қалдықтардың көптеп төгілуінен пайда болады.

Кенорнын игеру барысында аттырылған жыныстарда қышқыл – күкіртті сулар, магний мен кальций кездеседі. Бұл қоспалар жер асты қазбалары ішіндегі техника мен құрал - саймандарының шіруіне әсер етеді. Кенорнында ластанған жерасты суынан арылу үшін арнайы есептеулер арқылы қарастырылған су сиымдылығы тәулігіне мың текше метрден жоғары болатын су қоймасы жасалынады. Кеніште бөлінетін жерасты суларының көлемі сағатына 105-110 метр куб. Қазбаларда бөлінген суды ЦСН-180- 213 сорғышы ,яғни диаметрі 150 мм болатын темір құбырмен жоғарғы горизонтқа айдалып, арнайы жасалынған су қоймасына әкеліп құяды. Келесі кезекте су қоймасына жеткізілген су толып, төгіліп, горизонтты ластанудан қорғау үшін қоймада арнайы реттеуіш клапан орналастырылады, қойма суға толған жағдайда клапан қақпағы жабыатын

болады. Артық сулар сорғыштардың көмегімен жер бетіне айдалып шығарылып отырылады.

3. Ауаны қорғау.

Кеніш ауасын қорғау бөліміне сәйкес кеніштегі ауа көздерінің негізгі ластаушы көздеріне мыналарды жатқызуға болады.

Кеніш аймағындағы нысандар ішінде ұстаханалар, металлды электрмен дәнекерлеу цехы, жарылғыш заттар қоймасы, цемент қоймасы және түрлі бетон металдарын құю кешендері, кен қоймасы мен бос жыныстар үйіндісі орналасады.

Кеніш орнында қосалқы өндірістік аймақ нысандарынан бөлініп шығатын және ауа құрамын ластайтындар газдар, күкіртті сутегі, керосин мен тағы басқа сол сияқты зиянды заттар көптеп таралады. Солардың ішінде өте қауіптілеріне азот қышқылы мен күкірт газдары жатады.

Өнеркәсіп аумағында орналасқан барлық цехтардан бөлініп шығатын ауа құрамында зиянды заттар бар, осыған орай барлық бөлініп шыққан ауа арнайы ауаны қорғау бөлімінің ережесіне сәйкес міндетті тазартудан өтуі тиіс. Сондықтан зиянды заттар бөлінетін әрбір жұмыс жасалынып жатқан цехқа міндетті түрде ауа желдеткіштері мен ауаны сүзгілеу қондырғылары орнатылуы қажет.

Өндіріс орнындағы қосалқы шаруашылық аймақтарына есептелгендей, жалпы 4 жылыту қазандықтары мен от жағу орнынан артық болмауы керек. Мұндағы от жағу орындарында мұржалардан бөлінетін шаң-тозаңдар БЦ 2 - 5 (4x2) құралдары арқылы сүзіліп отырылуы тиіс. Түгін бөлініп шығатын мұржалар биіктігі елу метрден кем болмауы қажет.

Жер бетіне шығарылған тау жыныстарынан үйінділерінен болатын шаң-тозаңмен күресу үшін үйілген жыныстардың жоғарғы беткейінен томенгі жиегіне қарай арнайы қондырғылар көмегі арқылы су шашылып отырылады.

Жер ресурстарын қорғау.

Кенді жерасты тәсілімен игеру кезінде жер бетіне шығарылған бос тау жыныстары дипломдық жобаның жер ресурстарын қорғауда басты мәселелесінің бірі болып табылады. Үйінді тау жыныстарын алдағы уақытта шаруашылықта арзан және тиімді материал ретінде пайдалануға болады. Оларды құрылыс материалдары, шебень, жол табаны тосемдері немесе цементке қоспа ретінде қолдануға болады. Болшақта жер астында бос кеңістіктер толтырылады және консервациялау жұмыстары жүргізілетін болады. Басты мақсат қазу жүйесінің рационалды кемшіліктерін тауып өндіріске енгізу кеніш рентабельділігі мен экономикалық жағдайларының оңалуына жағдай жасайды.

8. Кен орнындағы қауіпсіздік және еңбекті қорғау

Зиянды өндірістік факторлар және олармен күресу жолдары

Кен орнын пайдалануда және құрылысында еңбекті қорғау мынадай жағдайларға тікелей байланысты болады: ауданның географиялық-климаттына қарай салынған нысандарға бөлу мен оның орналасуына және бұзылған тау жыныстардың физика-механикалық қасиеттеріне.

Жобаланған кенорынды қазу барысында жұмысшыларға зиянды және қауіпті болатын өндіріс факторлары:

1. кеніштік аэрология – шаң-тозаң мен улы газдар,
2. Шу мен діріл,
3. Жер асты климат жағдайларының қолайсыз жағдайлары және басқа да атмосфералық құбылыстар,
4. Жеткіліксіз түрде жарықтандыру,
5. Сапасыз ауыз суы,
6. Қазбалар төбесінің опырылып құлау қатері,
7. Жер астындағы тік қазбаларға түсіп кету қаупі.

Кенішке ауысым бойынша түсетін және шығатын жұмысшылардың нақты саны және еңбек қауіпсіздік шаралары толық қаралуы қажет. Еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігін бақылауда ұстау үшін, арнайы бақылаушылар, мемлекеттік органға қарайтын мекеме мамандары жүргізетін болады.

Жоғарыда айтылған жағымсыз факторлардың әсерлерін жою үшін жоба бөлімінде мынадай шаралар ұсынылды:

1. Ұйымдастыру шаралары;
2. Техникалық шаралар;
3. Санитарлық денсаулық шаралары;
4. Өрт қауіпсіздік шаралары;
5. Құтқару және апат салдарын жою шаралары.

1. Ұйымдастыру шаралары

Еңбекті қорғау жағдайын жақсарту үшін автокөлік пен жұмыты механизацияландыру қарастырылған, сонымен қатар сутөкпе, желдету және компрессор станциясының жұмысын автоматтандыру, әртүрлі жерасты қондырғыларын арақашықтықтан реттеу түрлерін қарастырады.

2. Техникалық шаралар

Техникалық шараларға қазбаларда жұмыс жүргізу паспортымен толық танысып, паспорт бойынша техникалық стандарттарды сақтай отырып жүргізуі қажет. Қазба төбесін бекіту барысында кен мықтылығына сай бекітпелерді орнату керек болады. Келесі кезекте орындалуы қажет техникалық шараға жерге қосу (заземление) болып табылады. Бұл шара кешен мен кен орнында электр тоғынан сақтануға керек болып табылады.

Жарылғыш заттардың мерзімі мен сенімділігін тексеру үшін атылғыш затты сақтайтын және электродетонаторды тексеру мен дайындау камералары

салынатын болады. ЖЗ қоймасы, кенді тасымалдау қабатынан 25 метр арақашықтықта орналасатын болады. Атылғыш зат қоймасында 2 шығу жолы қамтамасыз етіледі және ауа тұрақты желдету арқылы жүреді. ЖЗ қоймада өрттің алдын алу құрылғылары мен ішке қарай ашылатын есік орнатылады. Әрбір камера алдына бір-біріне қарсы бағытта өрт сөндіргіштер және іші құмға толы қораптар қойылады. Ауысым бойынша жерастына түсетін барша жұмысшылар арнайы каскалдармен және жеке жарық көздерімен қамтамасыз етілуі тиіс. Жоба бойынша кеніштің әр бөлігінде газдан сақтанатын 42 қорғаныш бөлмелері қаралған, оның екі қапталында көмірқышқыл газын жұтатын құрылғысы орнатылған оттегі болады. БАЖ жұмыстарын жүргізу және бекітпелерді орнату жұмыстары, паспортқа байланысты жүргізілуі қажет. Бекітілмеген паспорт бойынша жұмыс алаңында жұмыс жүргізуге қатаң тиым салынады. Қазбаларды және оқпандарды желдетуде жұмыс жасайтын мамандар міндетті қорғаныш белдіктері мен су өткізбейтін арнайы киімдермен қамтамасыз етілуі қажет. Кен жұмыстары жүргізіліп бітпеген жерлерде өндірістік жұмыстар жасалынып жатқан белгілер орнатылады.

3. Санитарлық денсаулық шаралары

Жұмысшылардың өнімділігі мен қолайлы еңбек етуі үшін санитарлық - гигиеналық нормаларды барынша сақтап шу мен дірілге, шаңға, жер астында қысым өзгеруінен болатын өзгерістердің денсаулыққа зиянын азайту қажет. Бұл жағдайда күнделікті тұрмыстағы қажеттіліктерін жақсартуда тұрмыстық комбинаттарды салу айрықша орында. БАЖ, тиіп-тасымалдау жұмыстарында денсаулыққа зиянды жағдайлардың үлесі жоғары. Арттыру жұмыстарынан кейін кенжар ішіндегі шаң мен улы газ түрлерінен сақтану үшін респираторларды қолданамыз. Жобада температураның, ылғалдылықтың, ауа жылдамдығы мен оның Кенжар іші шаңдануының азайту мақсатында шахтыда санитарлы-тазалық ережелерін ескере отырып рационалды іс-шаралар жүргізілетін болады.

4. Өрт қауіпсіздік шаралары

Өрт қауіпсіздік шараларында мына жағдайлар ескеріледі: кеніш үстіндегі ғимараттар мен тік қазба жабдықтары және желдетуде қолданылатын шруфтар өртке төзімді материалдардан жасалынуы қажет. Кен үңгірлерде жоғары температураға іске қосылатын автоматтандырылған өрт сөндіру құралдары орнатылады. Жалпы қауіпсіздік ережесіне сай әрбір этажда өртке қарсы құралдар орнатылған қоймалар салынады. Жарылғыш заттар қоймасында өрттің алдын алу құрылғылары мен ішке қарай ашатын есік орнатылады. Әрбір камера алдына бір-біріне қарсы бағытта өрт сөндіргіштер және іші құмға толы қораптар қойылады.

Әрбір қоймада кестеде көрсетілген өрт сөндіргі аспаптармен жабдықталуы керек.

8.1-кесте. Жер асты қоймаларындағы өрт сөндіру жабдықтары

Кен үңгірлер атауы	Өртсөндіргіштер саны	Құм, м ³	Күрек саны
Электртасығыш депо	5	0.3	2

ЖЗ қоймасы	5	0.5	1
Жөндеу шеберханасы	2	0.5	2
Дәріхана	2	-	-
Жер асты подстанциясы	4	0.3	1
Кенүңгір	2	0.3	2
ЖММ (ГСМ) кенүңгірі	6	0.5	2

Күнделікті тұрмыста жұмысшыларға жуынуға қажетті су көлемін есептеу

$$Q = N \cdot N = 86 \cdot 100 = 8600 \text{ л/адам}$$

Мұндағы N-1адамға қажетті су шығымы

$$N = \frac{0.76 \cdot q}{a} = \frac{0.76 \cdot 280}{4} = 53 \frac{\text{л}}{\text{адам}}$$

мұнда q=280л/сағ – 1 адам жуынатын орын сыйымы;

0,75 – жуынатын орынның ауысым уақытын ескеретін коэффициент;

9. Экономикалық бөлім

9.1. Кеніштің жұмыс жасау режимі


Кеніштің жылдық жұмыс тәртібін аптасына алты күндік деп аламыз, сонда бір жылдағы жұмыс күндері саны:

$$N_{\text{жұм}} = N - (N_{\text{дем}} + N_{\text{мейр}})$$

$$N_{\text{жұм}} = 365 - (53 - 13) = 298 \text{ күн}$$

Кеніш жұмысшыларының ауысым ұзақтығын 6 сағат, ал жер беті жұмысшыларының ауысым ұзақтығын 8 сағат деп аламыз. Біздің жағдайда бір тәуліктегі ауысым саны 3 тең болады.

9.2. Өндіріс экономикасы мен ұйымдастыру жолдары



9.1-сурет. Жер үсті ғимараттарының шығындары

Атауы	1 шаршы метр құны	Жалпы көлемі, м ³	Сметалық құны, тг
ӘТК	145	20100000	291450000
Желдету құрылғы камерасы	120	28500	3420000
Қосалқы станция	115	2900000	333500000
Колорифер бөлімі	130	28500	37050000
Оқпан үсті қондырғысы	130	39000	50700000
Жылыту қазандығы	120	54250	65100000
Асхана	114	35250	40185000
Тазалау бөлімі	105	56500	59325000
Шикізат қоймасы	110	7500	82500000
Вагон жөндеу бөлімі	102	56000	57120000
Асфальтты жолдар	280	27000	75600000
Темір жолдар	290	78000	22620000

Жалпы суммасы:			8870350000
----------------	--	--	------------

9.2-кесте. Жер асты қазба жұмытарының шығындары

Жер асты қазба жұмыстары	Өлшем бірлігі	Сметалық бағасы	Бірлік көлемі	Жалпы сметалық бағасы
Негізгі оқпан	тг/т	565000	780	440700000
Көмекші оқпан	тг/т	475000	750	356250000
Оқпан албары	тг/т	11600	6	69600
Желдету оқпаны	тг/т	190000	2650	503500000
Квершлагтар	тг/т	21500	2760	59340000
Қабатаралық квершлагтар	тг/т	12000	2340	28080000
Өрлеме	тг/т	15500	72	1116000
Желдетпе квершлагтар	тг/т	20400	8670	176868000
Тасымалдау штректері	тг/т	5200	4130	21476000
Желдетпе штректері	тг/т	3000	2260	6780000
Жалпы суммасы:				1 594 179 600

$C=2350$ тг/т-1 т кеннің өзіндік құны

9.3-кесте. Жабдықтар амортизациясының шығымы

Жабдықтар атауы	Дана	Бірлік бағасы	Жалпы бағасы	Амортизация саны	Жалы амортизациясы
Құат трансформаторы	4	180000	720000	8	3460
Бөлім трансфор	4	47000	188000	11	1780
Жарықтандыру трансфор	25	5200	130000	12	12500
Ажыратқыш	4	3000	12000	29	5300
Қысқа тұйықталулар	2	1400	2800	29	730
Автоматты түрде ажыратқыш	12	5300	63600	19	8640
Жоғарғы вольтты ЕҮҚ	63	11000	693000	9	49560
Төменгі вольтты ЕҮҚ	31	5000	155000	8	8920
Ескерілмеген шығындар 10%					196440
Жалпы суммасы:					2160840

9.4-кесте. Көмекші жабдықтарға кететін шығындар

Атауы	Материалдардын жалпы шығындары
Тазартпалау жұмыстары	19018900
Болат бұрғылар	14027000
Атылғыш заттар	6850550
Капсюльдер	3670200
ДШ	7560400
ОШ	6850550
Ағаш материалдар	2913000
Жару кабельдері	3070000
Жанар-жағармай	6750500
Электр энергиясы	46046000
Су шығымы	980000
Бұрғы штангалары	15670400
Компрессорлық ауа	3128500
Суммасы:	136536000
Есепке алынбаған шығындар 10%	13653600
Жалпы суммасы:	150189600

9.5-кесте. Кен орнының техника экономикалық көрсеткіштері

Көрсеткіш түрлері	мәндері
Жылдық өнімділік	
Кеніш орнының қызмет ету уақыты	

ҚОРЫТЫНДЫ

Жобаланып отырған «Ақбақай» кенорнын тиімді ашу тәсілі мен ұтымды қазу жүйесі қарастырылып, кенішті игерудің негізгі және қосымша бөлімдеріне есептеулер жүргізіліп, жобада барысындағы рационалды шешімдер өндіріске ұсынылатын болады. Есептеулер нәтижесіне сәйкес тиімді ашу тәсілі ретінде кен орнын жер асты тәсілімен игеру қарастырылған.

Кеніштің негізгі параметрлеріне: кенорнынның жылдық өнімділігі 680000 т/жыл, кеніштің қызмет ету мерзімі 27 жыл, қабат биіктігі 54 метр.

Кенорнын ашу үшін минимальды шығындарды қажет ететін сырғу алабының тысқары бөлігінен негізгі тік оқпан мен қвершлагтар арқылы және төнбе бүйірінен тұйық тік оқпан мен аралық қвершлагтар арқылы ашу әдісі, ал рационалды қазу жүйесі ретінде академик Ө.Ө. Байқоныровтың блокта қоймалап қазу жүйесі таңдалған.

Кеніштің тәуліктік өнімділігіне сәйкес кенді клеттік көтерім қондырғысы арқылы көтеру және кеніш ішін желдетуге қажетті ауа көлемі есептелінген.

Жобаның экономикалық бөлімінде кеніш шығындарына қатысты 1 т кеннің өзіндік құны көрсетілген.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Бейсебаев А.М., Битимбаев М.Ж., Букейханов Д.Г., Даукеев С.Ж., Жаркимбаев Б.М., Крупник Л.А., Раскельдинов Б.У., Столповских И.Н., Съедин В.Ф., Тамбиев Г.И., Цой С.В., Юсупов Х.А. Горно-геологический справочник по разработке рудных месторождений. Том 2.

2 Ковалев И.А., Стебаков П.А. «Повышение эффективности разработки рудных месторождений». М.Недра, 1973.

3 Баязит Н.Х. Кенді жерастында қазу және жобалау. Алматы: 1996

4 Болотов А.П., Тищенко В.А., Фрумкин Р.А. «Подземная разработка рудных месторождений». ДонГТУ, 2006 г

5 Канаева З.К., Канаева А.Т., Нуркеев С.С. Геохимические и минералогические особенности руды золотоносного месторождения «Акбакай». Наука и новые технологии, № 4, 2012, с. 14-16.

6 Орысша-қазақша терминологиялық сөздік, кен ісі . Алматы: РАУАН, 2000

7 Канаева З.К., Канаева А.Т., Нуркеев С.С. Минералогические и геохимические особенности руды золотоносного месторождения Акбакай. Наука и новые технологии, 2012 г

Қосымша А

Кенді тиеп-тасымалдау

Кеніштің тәуліктік өнімділігі мен кенді тасымалдаудың орта қашықтығын есептей отыра электровоз арқылы жеткізу түрін қабылдаймыз. Электровоз К-10 мен ВГ- 4,5 вагонеткасын таңдаймыз.

Жүгі бар вагон (R_n) мен бос вагон (R_n) бағытындағы тасу бөлімдерінің арақашықтығын есептейміз.

$$R_n^{\text{орт}} = l_k - l + S - l_6 = 430 - 25 + 810 - 95 = 1120 \text{ м}; \quad (\text{A.1})$$

$$l_{\Gamma}^{\text{орт}} = L_6 + L_3 + L_1 + m + L_k = 95 + 17 + 40 + 25 + 17 + 810 + 17 + 40 + 410 = 1471$$

Горизонтальды бағыт бойынша орташа тасымалдау арақашықтығы:

$$L_{\text{орт}} = \frac{R_n^{\text{орт}} + l_{\Gamma}^{\text{орт}}}{2} = \frac{1120 + 1471}{2} = 1295 \text{ м} \quad (\text{A.2})$$

Мұндағы $R_n^{\text{орт}}$ және $l_{\Gamma}^{\text{орт}}$ сәйкесінше бос және жүгі тиелген кездегі орташа тасымалдау арақашықтығы.

Таңдалынған вагонетканың жүк көтерімділігін анықтау үшін мына формуланы қолданамыз:

$$G = \frac{V * \gamma * K_n}{K_p} = \frac{4,5 * 3,2 * 1}{1,4} = 10,2 \text{ т} \quad (\text{A.3})$$

Мұндағы $\gamma = 3,2 \frac{\text{т}}{\text{м}^3}$ – руда тығыздығы

$V = 4,5 \text{ м}^3$ – вагон көлемі

$K_n = 1$ – көбею коэффициенті

$K_p = 1,4$ – қопсу коэффициенті

Жүккөтерімділігі >5 төмен себепті рельс жолының орташа еңістігін 3 пайызға тең алатын боламыз.

Қажетті электровоздар саны мен жұмыс өнімділігі

Ауысым уақытындағы мүмкін болатын рейстер санын мына формуламен анықтаймыз:

$$\eta_p = \frac{60 * T_{\text{см}}}{T_p} = \frac{60 * 6}{50,5} = 7,12 \approx 7 \quad (\text{A.4})$$

Мұндағы $T_{\text{см}} = 6$ сағ – ауысым кезіндегі жұмыс жасау уақыты.

Кенді немесе бос жынысты шығаруға қажетті рейс саны:

$$\eta_{\text{пр}} = \frac{K * K_{\text{п}} * A_{\text{аус}}}{Q} = \frac{1,2 * 1,1 * 1120}{72} = 20,5 \quad (\text{A.5})$$

Мұнда $K = 1,2$

$K_{\text{п}} = 1,1$ – жыныс тасымалдау коэффициенті

$A_{\text{аус}} = 1100 \frac{\text{т}}{\text{аус}}$ – кеніштің ауысымдық өнімділігі

Ауысым барысындағы қажетті рейстер мөлшері :

$$\eta_0 = \chi_p + \chi_{ад} + \chi_{мат} = 20 + 2 + 2 = 24 , \quad (A.6)$$

Мұндағы $\chi_{ад} = 2$ жұмысшылар тасымалы рейсінің саны

$\chi_{мат} = 2$ материалдарды тасымалдауға кететін рейс саны

Қажетті электровоздар саны

$$N_c = N_э + N_p = 4 + 1 = 5 \quad (A.7)$$

Жүк көтерімділігі бойынша бір ауысымдағы электровоздың орташа өнімділігі

$$A_э = \frac{\chi_p \cdot Q \cdot L}{K} = \frac{7 \cdot 72 \cdot 1.295}{1.2} = 543.9 \text{ ткм/см} \quad (A.8)$$

Бір электровоздың ауысым кезіндегі өнімділігі

$$A_э = \frac{K_{п} \cdot A_{см} \cdot L}{N_э} = \frac{1.1 \cdot 1120 \cdot 1.295}{4} = 398.86 \quad (A.9)$$

Мұнда $L=1.295$

Барша тасымалдау рейстерін ескере отырып электровоздарды пайдалану коэффициенті

$$K_{пайд} = \frac{\eta_0}{\chi_p \cdot N_э} = \frac{24}{7 \cdot 4} = 0.96 \quad (A.10)$$

Тасымалдауға қажетті вагондар саны

$$N_B = K_B \cdot n \cdot (N_э + K_d) = 1.2 \cdot 10 \cdot (4 + 4) = 96 \quad (A.11)$$

Мұндағы $K_B=1.2$ -қосалқы және жөндеуде тұрған вагондарды ескеретін коэффициент,

$K_d=4$ -оқпан алдындағы вагондарды есепке алатын коэффициент

Кеніш аэрологиясы

Кенішті желдету жұмыстары санитарлық қауіпсіздік пен жұмысшылар өнімділігін арттыруда желдетпе құралдарды ұтымды таңдау және жоба бойынша орнату маңызды болып табылады. Сол себепті желдету жүйесін дұрыс таңдау маңызды.

Шахтада жалпы ауа мөлшерін есептеу үшін, жоба барысында ауаның толық мөлшері алынады

1. Шахта ішіндегі адам саны бойынша:

$$Q = q \cdot n \cdot z , \quad (A.12)$$

мұндағы $n = 250$ адам – шахтадағы жұмысшылар саны ; $q = 5.8$ м³ /мин – 1жұмысшыға қажет ауа көлемі; $z = 1,3$ – ауа қоры коэффициенті.

$$Q = 250 \cdot 5.8 \cdot 1.3 = 27 \text{ м}^3 / \text{с} ,$$

2. Жарылыс кезінде бөлінетін газды есепке алғанда:

$$Q_{ш} = \frac{I_{вв} \cdot V \cdot K_з \cdot 100}{C_{\partial} \cdot T} \quad (A.13)$$

Мұнда $I_{вв}$ - жарылғыш заттың газдылығы

T - толық желдетуге қажетті уақыт

V - атылатын жарылғыш зат көлемі

C_{∂} - 0.008-СО газының бөлінетін көп мөлшері

$$Q_{ш} = \frac{420 \cdot 582 \cdot 1.6 \cdot 100}{0.008 \cdot 150} = 121 \text{ м}^3 / \text{кг}$$

3.Кеніш газдылығын есепке алғанда

$$Q_{ш} = T_{тәу} \cdot z \cdot q \quad (A.14)$$

Мұндағы q -1.5м³/мин-ауа көлемі ;

$T_{тәу}$ - 1385т бір тәуліктегі шахтаның өнімділігі;

$$Q_{ш} = 1385 \cdot 1.2 \cdot 1.5 = 2659.2 \text{ м}^3/\text{мин} = 42.72 \text{ м}^3/\text{с}$$

$$Q_{ш} = (0.7 \cdot 0.6 + 159 \cdot 73.9 + 0.6 \cdot 131 + 0.6 \cdot 19) = 296.5 \text{ м}^3/\text{с}$$

Шахта ішін желдету көлемін 296.5 м³/с деп қабылдаймыз.

Бұрғылап-аттыру жұмыстары

БАЖ есептеулерінің негізгі мәні жарылғыш заттардың салыстырмалы шығынын анықтау болып табылады.

1.ЖЗ шығынын мына формула бойынша есептейміз:

$$q = 0,06 f / B, \quad (A.15)$$

мұндағы f – кен мықтылығы,

B -атылғыш заттың қопару қабілеттілігі

$$q = 7/1 \cdot 0.06 = 0,42 \text{ кг/ м}^3 \quad (A.16)$$

2.Ең кіші кедергі мөлшері:

$$W = 0,33 \cdot d_t \sqrt{\frac{\gamma}{qm}} \quad (A.17)$$

мұнда d_t = 35 мм – шпурдың диаметрі;

q = 0,5 кг// м³ -атылғыш заттың салыстырмалы шығыны;

γ = 1,2 кг/м³ - оқтам тығыздығы

$$W = 0,33 \cdot 35 \sqrt{\frac{1.2}{0.5 \cdot 1}} = 1.15$$

3.Қатар бойындағы теспелердің арақашықтығы

$$a = Wm \quad (A.18)$$

$$a = 1.15 \cdot 1.4 = 1.6$$

4.Забойда уатылатын теспелердің нақты саны

$$N = \left(\frac{B_3}{a} + 1 \right) \frac{h_k}{W} \quad (A.19)$$

$$N = \left(\frac{2.1}{1.15} + 1 \right) \frac{11}{1.15} = 27$$

5.Кенжардағы қатарлар саны

$$N_k = \frac{h_k}{W} \quad (A.20)$$

$$N_k = \frac{11}{1.15} = 9.6$$

6.Аттыру қабатындағы кен көлемі

$$T_{қаб} = A \cdot B \cdot W \cdot \gamma \quad (A.21)$$

Мұнда B = 2,1 м – забой ені;

A = 11 м - қоспалардың ұзындығы;

$\gamma = 3.2 \text{ т/м}^3$ - кеннің тығыздығы.

$$T_{\text{қаб}} = 11 \cdot 2.1 \cdot 3.2 \cdot 1.15 = 89.6$$

7.1000 т кенге шаққандағы жарылғыш зат шығыны

$$q_0 = \frac{\sum q}{T_{\text{қаб}}} \cdot 1000 \quad (\text{A.22})$$

$$q_0 = \frac{9.6}{89.6} \cdot 1000 = 107.1 \text{ кг}$$

ҒЫЛЫМИ ЖЕТЕКШІНІҢ ПІКІРІ

Дипломдық жоба Мамбетов

Саян Балхашұлы

5B070700 – «Тау – кен ісі»

Тақырыбы: Ақбақай алтын кенорнын жерасты игеру жобасын жасау.

Дипломдық жобада «Ақбақай» кенорны жағдайында бастапқы берілген геологиялық мәліметтерінің негізінде жерасты кен қазу жұмыстарын жобалауға арналған. Жобалау кезінде кенорнынның негізгі шама-шарттарын ескере отырып студент тиімді ашу тәсілінің техника экономикалық көрсеткіштерін есептей келе келтірілген шығынның ең аз көрсеткішін тиімді ашу тәсілі деп тандап алған. Қазу жүйесін де таңдар кезде академик Ө.А. Байқоңыровтың ұсынған әдістемесін қолдана отырып матрица құрастырып есептеп салыстыра келе «кенді қоймалап қазу жүйесі» тиімді деп қабылдаған. Кеніш көлігі, кенорнын желдету, электрмен қамтамасыз ету және экономикалық бөлімдерді де қарастырып келтірілген. Кенорнын игеру кезінде кеннің құнарсыздануын азайту жолдарын қарастырған.

Жобаға ескертулер: Дипломдық жобаны орындау кезеңдерінде жетекші тарапынан айтылған ескертулер мен кемшіліктерді Саян Балхашұлы бұл кемшіліктер толықтай дұрыстады. Бұл кемшіліктері жобаның жалпы мазмұны мен құндылығына әсер етпейді деп есептеймін.

Жобаның бағасы: Диплом қорғаушы Мамбетов Саян Балхашұлы жобалауға қойылған талаптарды өз деңгейінде толық орындады деп айтуға болады.

Жалпы дипломдық жобаны (85%) «жақсы» деп бағалаймын және Мамбетов Саян Балхашұлына 5B070700 – «Тау – кен ісі» мамандығының бакалавры деген біліктілік дәрежесіне беруге болады деп есептеймін.

**Ғылыми жетекші,
техн.ғыл.канд., сениор - лектор**

 **М.Елұзақ**

«27» мамыр 2021ж.

Протокол анализа Отчета подобия Научным руководителем

Заявляю, что я ознакомился(-ась) с Полным отчетом подобия, который был сгенерирован Системой выявления и предотвращения плагиата в отношении работы:

Автор: Мамбетов Саян

Название: Мамбетов Саян диплом жоба.docx

Координатор: Мухтар Елузах

Коэффициент подобия 1: 17.3

Коэффициент подобия 2: 5.6

Замена

букв: 7

Интервалы

:0

Микропробелы:

13 Белые знаки:

0

После анализа Отчета подобия констатирую следующее:

- обнаруженные в работе заимствования являются добросовестными и не обладают признаками плагиата. В связи с чем, признаю работу самостоятельной и допускаю ее к защите;
- обнаруженные в работе заимствования не обладают признаками плагиата, но их чрезмерное количество вызывает сомнения в отношении ценности работы по существу и отсутствием самостоятельности ее автора. В связи с чем, работа должна быть вновь отредактирована с целью ограничения заимствований;
- обнаруженные в работе заимствования являются недобросовестными и обладают признаками плагиата, или в ней содержатся преднамеренные искажения текста, указывающие на попытки сокрытия недобросовестных заимствований. В связи с чем, не допускаю работу к защите.

Обоснование: Обнаруженные в работе заимствования не обладают признаками плагиата. Дипломный проект рекомендуется к защите.

.....
.....
.....



...23.05.2021... Елузах М

*Дата
руководителя*

Подпись Научного

Протокол анализа Отчета подобия

заведующего кафедрой / начальника структурного подразделения

Заведующий кафедрой / начальник структурного подразделения заявляет, что ознакомился(-ась) с Полным отчетом подобия, который был сгенерирован Системой выявления и предотвращения плагиата в отношении работы:

Автор: Мамбетов Саян

Название: Мамбетов Саян диплом жоба.docx**Координатор:**

Мухтар Елузах

Коэффициент подобия 1:17.3

Коэффициент подобия 2:5.6

Замена букв:7

Интервалы:0

Микропробелы:13

Белые знаки:0

После анализа отчета подобия заведующий кафедрой / начальник структурного подразделения констатирует следующее:

- обнаруженные в работе заимствования являются добросовестными и не обладают признаками плагиата. В связи с чем, работа признается самостоятельной и допускается к защите;
- обнаруженные в работе заимствования не обладают признаками плагиата, но их чрезмерное количество вызывает сомнения в отношении ценности работы по существу и отсутствием самостоятельности ее автора. В связи с чем, работа должна быть вновь отредактирована с целью ограничения заимствований;
- обнаруженные в работе заимствования являются недобросовестными и обладают признаками плагиата, или в ней содержатся преднамеренные искажения текста, указывающие на попытки сокрытия недобросовестных заимствований. В связи с чем, работа не допускается к защите.

Обоснование:

Обнаруженные в работе заимствования являются терминологическими словами и формулами, они не влияют на качество дипломного проекта

.....

.....

23.05.2021
кафедрой /

Подпись заведующего



начальника структурного подразделения

Окончательное решение в отношении допуска к защите, включая обоснование:

Обнаруженные в работе заимствования являются терминологическими словами и формулами, они не влияют на качество дипломного проекта и рекомендуется к защите

.....

.....



23.05.2021
кафедрой /

Подпись заведующего

начальника структурного подразделения